

БЕКІТЕМІН

«NURSULTAN 77»

Жауапкершілігі
Түпқарғын бақылаушы
«Nursultan 77» меңгерушісі

БИН 210948014671
Т. Табышева

Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер»

«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиеші: Абатова С.А

2025 оқу жылы.

Тақырыбы: «Көктемгі гүлдер»

Тобы: «Ертегі» ересек тобы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: Балаларды көктемде гүлдейтін гүлдермен таныстыру, сөздік қорын байыту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Білім беру салалары бойынша

1. Коммуникативтік дағды (Сөйлеуді дамыту) Көктемгі гүлдердің атауларын айту (бәйшешек, қызғалдақ, жауқазын). Гүлдердің түсін, пішінін сипаттау. Сұрақтарға толық жауап беру.

2. Танымдық және зияткерлік дағды (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Көктемгі гүлдерді басқа жыл мезгілінің гүлдерінен ажырату. Гүлдерді түсі мен көлеміне қарай салыстыру. «Қанша гүл бар?» ойыны арқылы санау.

3. Шығармашылық дағды (Сурет салу немесе жапсыру) Түрлі түсті қағаздан қызғалдақ немесе бәйшешек жапсыру. Саусақпен немесе қылқаламмен гүлдің суретін салу. Өз жұмысын таныстыру.

4. Әлеуметтік-эмоционалдық дағды Табиғатты қорғау туралы әңгімелесу. «Гүлдерді жұлуға бола ма?» тақырыбында пікір алмасу. Табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

5. Физикалық дағды Сергіту сәті: «Гүлдер өседі». Балалар тұқым болып отырып қалады. Күн шыққанда баяу тұрады. Желмен тербелген гүл сияқты қимыл жасайды. Көбелек болып ұшады.

Сабақ барысы . Ұйымдастыру кезеңі (2–3 минут) Амандасу.

Жылулық шеңбері.

Жұмбақ жасыру: Қар астынан шығады, Көктем келсе гүлдейді. (Жауабы: бәйшешек.)

Негізгі бөлім (15–20 минут) Әңгімелесу Көктемде қандай өзгерістер болады? Қандай гүлдерді білесіңдер? Гүлдер не үшін керек?

Дидактикалық ойын: «Гүлді тап» Суреттер арасынан тек көктемгі гүлдерді таңдау. Математикалық тапсырма Гүлдерді санау. «Қай гүл көп? Қай гүл аз?» салыстыру

Шығармашылық жұмыс «Қызғалдақ» жапсыру және суретін салу

Дидактикалық ойын: «Гүлді құрастыр»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Ойын барысы: Балаларға гүлдің күлтесі, сабағы, жапырағы жеке-жеке беріледі. Олар бөлшектерді біріктіріп, толық гүлді құрастырады және оның атауын айтады.

Рефлексия: «Гүл шоғы» әдісі Тәрбиеші балаларға үш түсті гүл ұсынады:



Қызыл гүл – «Маған сабақ өте ұнады.»



Сары гүл – «Кейбір тапсырмалар қиын болды.»



Көк гүл – «Маған тағы да жаттығу керек.»

Балалар өз көңіл күйіне сәйкес гүлді таңдап, себебін қысқаша айтады.

Мадақтау: «Жарайсың!»

«Өте жақсы жұмыс жасадың!»

«Белсенді қатысқаның үшін рақмет!»

Күтілетін нәтиже: Көктемгі гүлдердің атауларын біледі және ажыратады.

Гүлдердің ерекшеліктерін сипаттай алады. Табиғатты аялаудың маңызын түсінеді. Шығармашылық жұмыс арқылы өз ойын жеткізе алады. Ойындар мен тапсырмаларға белсенді қатысады..

Сергіту сәті Бәйшешектей бүр жарып, Күнге қарай созылып. Желмен бірге тербеліп, Гүлдей жайнап тұрайық.

Күтілетін нәтиже Көктемгі гүлдердің атауларын атайды. Гүлдерді сипаттап, ажырата алады. Түсі мен санын салыстырады. Шығармашылық жұмыс орындайды. Табиғатты қорғаудың маңызын түсінеді.

Қорытынды: Бүгін қандай гүлдермен таныстық? Қай гүл саған ұнады? Гүлдерді қалай қорғау керек?